

*Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
"Қарасу ауданы білім бөлімінің Жаныспай негізгі
орта мектебі" КММ Сальникова Л.К.
басшысының "2025 жылдағы мемлекеттік
қызметтер көрсету қорытындылары туралы"
тезисі, қаңтар 2026 жыл.*

Мемлекеттік қызметтер тізіліміне сәйкес ҚОӘББ «Қарасу ауданы білім бөлімінің Жаныспай негізгі орта мектебі» КММ 9 мемлекеттік қызмет көрсетеді.

Мемлекеттік қызметтерді көрсетуге жауапты тұлғалар: Бердимбетова Е.Г., Тюлепова А.А., Тюлепова Г.Г.

2025 жылдың 12 айы ішінде барлығы 46 мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның ішінде:

– мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері арқылы (IS «SAKURA», IS «INDIGO», «MINDAL», ҚР Оқу-ағарту министрлігінің АРМ-і) – 45 қызмет.

Білім беру ұйымында жыл сайын мемлекеттік қызметтер көрсетуге жауапты тұлғаларды тағайындау туралы бұйрық шығарылады.

Ағымдағы жылдың 12 айы ішінде мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру мақсатында 20 түсіндіру іс-шарасы өткізілді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру бойынша өткізілген түсіндіру іс-шараларымен қамтылған халық саны – 2500 адам.

ҚОӘББ «Қарасу ауданы білім бөлімінің Жаныспай негізгі орта мектебі» КММ 2025 жылғы қаңтар айында мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мониторингтеу жөніндегі 2025 жылға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді. Аталған жоспарға мемлекеттік қызметтер көрсету стандарттарын түсіндіру бойынша құқықтық білім беру (құқықтық оқыту) мәселелері енгізілді.

Жоспар тізбесінде сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша директор жанындағы кеңестер өткізу, мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызмет туралы есепті талқылау, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі тармақтар қарастырылған.

Іс-шаралар жоспары толық көлемде іске асырылды, барлық мәселелер қаралды.

Кедергісіз қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қажетті жағдайлар жасалған: пандус, қызмет көрсету аймағы, шақыру түймесі, Брайль қарпімен жазылған ақпараттық тақтайшалар, автотұрақтағы арнайы орын бар.

ҚОӘББ «Қарасу ауданы білім бөлімінің Жаныспай негізгі орта мектебі» КММ ай сайын халық арасында білім беру саласындағы қызметтерді электрондық форматта алу мүмкіндіктері туралы кең көлемді ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Атап айтқанда, әлеуметтік желілерде құжаттарды тапсыру мерзімдері, қажетті құжаттар тізбесі және Стандарттарда көзделген талаптар туралы ақпарат орналастырылады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы қызмет алушыларды

хабардар ету мақсатында мектепте халық үшін қолжетімді жерде ақпараттық стенд орнатылған, онда көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша өзекті ақпарат орналастырылған.

Білім беру ұйымының интернет-ресурстарында мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілер жарияланды. Мектептің ресми сайтында мемлекеттік қызметтер көрсетуге жауапты тұлғалардың байланыс телефондары мен жұмыс кестесі көрсетілген.

Қызмет көрсетушілер мемлекеттік қызметтерді көрсету кестесі мен тәртібін қатаң сақтайды.

Білім беру ұйымы көрсететін мемлекеттік қызметтер тегін негізде ұсынылады.

2025 жылдың есепті кезеңінде мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша жауапты тұлғалардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) қатысты қызмет алушылардан шағымдар түскен жоқ.

Назарларыңызға рақмет!